

Инвестициялау мақсаты

Зейнетақы активтерінің сақталуын және ықтималдығы жоғары деңгейдегі зейнетақы активтері құнының сақталуын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін тәуекел деңгейі кезінде ұзақ мерзімді келешекте нақты табыс алуды қамтамасыз ету

Портфель параметрлері

Басқарушы: ҚР Ұлттық Банкі

Негізгі валюта: Қазақстан теңгесі

Зейнетақы активтерінің инвестициялық портфель құны – 12 622 192 286 мың теңге

«БЖЗК» АҚ зейнетақы активтерінің инвестициялық портфеліне шолу

Инвестициялық қызмет нәтижесі

Инвестициялық қызмет нәтижесінде, сондай-ақ шетелдік валюта бағамының құбылмалылығы және қаржы құралдарының нарықтық құнының өзгеруі салдарынан 01.01.2020 жылдан бастап 31.10.2020 жылға дейінгі кезеңге есептелген инвестициялық кіріс мөлшері **1,1 трлн.теңгені** құрады.

БЖЗК салымшалары (алушылары) үшін соңғы 12 айға 2020 жылғы 1 қарашадағы жағдай бойынша жылдық инфляция 7,10% болғанда зейнетақы активтерінің кірістілігі **10,88 %-ды** құрады. Зейнетақы активтері бойынша нақты кірістілік **3,78%-ды** құрады.


Есептелген инвестициялық кіріс құрылымы:

Атауы	2020 жылдың басынан түскен инвестициялық кіріс
Бағалы қағаздар, орналастырылған салымдар және «кері РЕПО» операциялары бойынша сыйақы түріндегі кірістер	685,22
Бағалы қағаздарды нарықтық қайта бағалаудан түскен кірістер (шығындар)	8,43
Шетел валютасын қайта бағалаудан түскен кірістер (шығындар)	369,87
Басқа активтерді (КҚП) қайта бағалаудан түскен кірістер (шығындар)	- 5,49
Сыртқы басқарудан түскен кірістер (шығындар)	80,05
Басқа кірістер (шығындар)	4,02
Жиынтығы:	1 142,10


Зейнетақы активтері портфелінің құрылымы, %



1998-2019 жылдар аралығында жинақталған инфляция және инвестициялық кірістілік.




Валюталар бөлігіндегі зейнетақы активтері портфелінің құрылымы



БЖЗҚ инвестициялық декларациясында белгіленген зейнетақы активтерінің валюталық портфелін мақсатты бөлуге сәйкес жаһандық акцияларға, дамушы елдердің облигацияларына және инвестициялық деңгейдегі корпоративтік облигацияларға индексті инвестициялау үшін мынадай шетелдік басқарушы компаниялар тартылды:

- Aviva Investors Global Services Limited дамушы елдер облигацияларының мандаты бойынша;
- HSBC Global Asset Management (UK) Limited және Robeco Institutional Asset Management B.V. жаһандық акциялар мандаты бойынша;
- PGIM Limited и Principal Global Investors (Europe) Limited инвестициялық деңгейдегі корпоративтік облигациялар мандаты бойынша.

Кредиттік сапа бойынша зейнетақы активтері портфелінің құрылымы



Халықаралық шәкіл бойынша «AAA»-дан «BBB-» дейінгі бағалы қағаздар/эмитент рейтингісі бар барынша төмен тәуекел деңгейдегі қаржы құралдары инвестициялық портфельдің¹ **84,61%**-ын құрайды.

Халықаралық шәкіл бойынша «BB+»-дан «B-» дейінгі рейтингісі бар қаржы құралдары **11,73%**-ды құрайды, **0,55%** – «B-» төмен.

Ұлттық шәкіл бойынша «kzBB+» рейтингісі бар қаржы құралдары **0,12%**-ды құрайды.

Рейтингтік бағасы жоқ қаржы құралдары **3,0%**-ды құрайды.

Экономика секторлары бойынша зейнетақы активтері портфелінің құрылымы



* –сыртқы басқарудағы активтер, дебиторлық берешек, шоттардағы ақша қаражатының қалдығы және туынды қаржы құралдары

Елдер бөлігіндегі шетелдік эмитенттер



¹ Сыртқы басқарудағы активтер, шоттардағы қалдық, жолдағы ақша және басқаларды қоспағанда, инвестициялық портфельдегі активтер.